

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 20 наурыздағы N 242

"Қазақ ақпарат агенттігі" республикалық қазыналық кәсіпорнын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандағы N 1467 қаулысының 8-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бастаған Қазақстан Республикасы үкімет делегациясының 1995 жылғы наурызда АҚШ-қа сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 22 маусымдағы N 858 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 22, 251-құжат):

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бастаған Қазақстан Республикасы үкімет делегациясының 1995 жылғы наурызда АҚШ-қа сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспарында;

реттік нөмірі 1, "Инвестициялық бағдарламалар мен жобаларын іске асырылу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау" деген жолдарда 5-бағандағы "ҚазТАГ" деген сөз "ҚАА" деген сөзбен ауыстырылсын;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақ КСР Министрлер Советінің 1967 жылғы 27 ақпандағы N 200 өкімі;

"Қазақ КСР Министрлер Советінің жанындағы Ақпарат агенттігі (ҚазТАГ) туралы ережеге өзгерту енгізу туралы" Қазақ КСР Министрлер Советінің 1990 жылғы 11 мамырдағы N 186 қаулысы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі